

**Жұмабаев Жүрсін**

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы

**«Біздің қазіргі қазақстандық мәдениеттегі әлемге мақтанышпен  
айтарлық құбылыс»**

Дәуірмен пара-пар уақыт  
**(Н.Назарбаев)**

Уақыт – бұл өлшеусіз, тоқтаусыз дүние. Артқа шегеру мен ұстап қалу адам бойына сіңбеген мәселесі. Осы уақыт арқылы жоқ пен бардың бәрі де дамып, өніп, өзгеріп отырады. Өзгерген дүниелерден, жақсарған көзқарастардан мәдениетті сөз етсек, өткен күннің мәдениеті қалай? қазіргі күнмен болашақтың қолданатын мәдениеті қалай? Осы екі сұрақ қазіргі жастардың көзқарасымен алатын болсақ, екі бөлек нәрсе, бір - біріне ұқсамайтын ерекшеліктер жетерлік.

Мәдениет – адамның өз қолымен, ақыл – ойымен жасағандары және жасап жатқандардың бәрін түгел қамтиды. Яғни, мәдениет ұғымының өзі уақыт нәтижесінде жанданатын дүние. Тарихи құбылыс. Өткен күнді еске түсірудің ерекше үлгісі. Бұрынғы ата –бабамыздың ұстанған ұстанымы мен қолданған мәдениетін көре отыра, біз келешек жас ұрпақ өзіміздің түп тамырымызды, өткен күнімізді, салт – санамызды, тарихымызды біле аламыз. «Мәреге жету үшін мәдениетті жаңғыртуың керек», - деген. Жаңғыру бар жерде жаңару бар. Қазіргі заманның яғни, қазіргі Қазақстанның мәдениетін айтар болсақ, «Көш түзелмей мін түзелмес», - дейді ата - бабамыз. Көштен қалмай біздің де мәдениетіміз жаңғырып жатыр. Қазақи, тек қазаққа тән дүниелер ғана емес, Европадан және де басқа да шет елдерден келген ұстанымдар елімізге бас сұғуда. Өзім деп емес өзге үшін де өмір сүру деген осы болу керек. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың да ойлайтын ойы, айтар сөзі, қойған мақсаты ең бірінші осы мәдениет деген сөзбен байланысады, іске асырылады. Жаңғыру тек өзгенікін қабылдап оны енгізу емес, өзіңнің байлығыңды да дәріптеп өзге елге көрсету. Бұл жағынанда қазіргі қазақ елі елеулі жұмыс жасауда. Ата – баба дәстүрі, ертеден келе жатқан көкпар ойынын, қызыл қызғалдағын, қымыз – қымыранын, қара жорға биін дәл бүгінде танымайтын ел сирек. Насихаттау процесі нақышымен орындалуда.

Осындай бағытта жұмыс жасалса еліміздің еңсеретін белесі әлі алда. Мәдениет – мәртебеміз, мәртебеміз биік болса, болашағымыз мәңгілік болар...!!!